

**Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 наурыздағы N 155 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 186 бұйрығын қараңыз.

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 4-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Мемлекет реттейтін баға қолданылатын әуежайлар қызметтерінің номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1348 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 49, 562-құжат);

2) "Мемлекет реттейтін бағалар қолданылатын телекоммуникациялар қызметтерінің және телекоммуникациялар қызметтерін ұсынумен технологиялық байланысты қызметтердің номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қазандағы N 1064 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 38, 503-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қарашадағы N 1194 және 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1348 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 қаңтардағы N 63 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 4, 34-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2006 жылғы 14 наурыздағы  
N 155 қаулысымен  
бекітілген

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.09.28. N 854 ,  
2008.05.16 N 458 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)  
Қаулыларымен.

**Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін  
қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесі**

1. Мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыр жолдары арқылы тасымалдау саласында:

мұнайды магистральдық құбыр жолдары арқылы тасымалдау жөніндегі қызмет:

- 1) бірыңғай бағыттау бойынша операторлық қызмет;
- 2) мұнайды магистральдық құбыр жолының жүйесі арқылы қайта айдау;
- 3) мұнайды темір жол цистерналарынан құйып алу;
- 4) мұнайды темір жол цистерналарына құю;
- 5) мұнайды танкерлерге құю;
- 6) мұнайды автоцистерналардан құйып алу;
- 7) мұнайды автоцистерналарға құю;
- 8) мұнайды сақтау;
- 9) мұнайды ауыстырып құю;
- 10) мұнайды араластыру.

2. Тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбыржолдары және (немесе) газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбыржолдары арқылы тасымалдау саласында:

- 1) тауарлық газды жалғастырушы газ құбыржолдары арқылы тасымалдау;
- 2) тауарлық газды магистральдық газ құбыржолдары арқылы тасымалдау;
- 3) тауарлық газды Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау;
- 4) сұйытылған газды топтық резервуарлық қондырғыдан тұтынушыны

қосатын кранға дейін газ құбыржолдары арқылы тасымалдау;  
5) тауарлық газды сақтау;

6) шикі газды жалғастырушы газ құбыржолдары арқылы тасымалдау.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.03.2013 № 218 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

3. Электр энергиясын беру және (немесе) бөлу саласында:  
электр энергиясын беру және (немесе) бөлу.

4. Жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау  
с а л а с ы н д а :

жылу энергиясын өндіру;  
жылу энергиясын беру және бөлу;  
жылу энергиясымен жабдықтау;  
жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу;  
жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау.

5. Электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық  
диспетчерлендіру саласында:

электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық  
диспетчерлендіру.

5-1. Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру саласында:

электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру.

**Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.**

6. Магистральдық темір жол желілері саласында:  
магистральдық темір жол желісін пайдалануға беру;  
жылжымалы құрамды магистральдық темір жол желісі арқылы өткізуді  
ұ й ы м д а с т ы р у ;

магистральдық темір жол желісін пайдалануға беру және ол арқылы  
жылжымалы құрамды өткізуді ұйымдастыру.

6-1. Концессия шарттары бойынша темір жол көлігі объектілері бар темір  
жолдар қызметін көрсету саласында:

бәсекелес темір жол болмаған жағдайда, концессия шарттары бойынша  
теміржол көлігі объектілері бар темір жолдарды пайдалануға беру.

**Ескерту. Тізбе 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.26 N 1281 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2014 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

7. Кірме жолдар саласында:  
бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін  
к і р м е ж о л д ы б е р у ;

бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда маневр жұмыстары, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру.

#### 8. Аэронавигация саласында:

1) халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңестігіндегі әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету;

2) халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуеайлақ маңындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.02.18 N 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

#### 9. Порттар, әуежайлар саласында:

##### 1) теңіз портының қызметтері:

теңіз портының күштерімен және құралдарымен орындалатын тиеу-түсіру жұмыстары;

кейіннен порттан шығып жүк операцияларын жүргізу және/немесе өзге мақсаттар үшін кеменің теңіз портына кіргені үшін (кеменің кіруі) қызметтер;

##### 2) әуежайлардың қызметтері:

Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңестігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, әуе кемесінің ұшуы мен қонуын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңестігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңестігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, қонатын әуежайда өңдеуге (тиеуге және/немесе түсіруге) жататын жүктер (почталар) болған жағдайда, жолаушылар тасымалдайтын әуе кемесіне қонғаннан кейін үш сағаттан және жүк тасымалдайтын және жүк-жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінің сертификатталған үлгілері үшін алты сағаттан астам тұрақ орнын беру;

әуе кемесіне базалық әуеайлақта тұрақ орнын беру;

жолаушыларды тіркеуге арналған жұмыс орнын (алаңын) беру.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.02.18 N 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

10. Қызметтің осы түрлерін ұсынудың технологиялық мүмкін болмауы не экономикалық орынсыздығы себебінен бәсекелес байланыс операторы болмауы шартымен телекоммуникациялар саласында:

1) жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялар желісіне IP-телефония (Интернет-телефония) операторларының жабдықтарын (қолжетімділік тораптарын) қалааралық деңгейде қосу;

2) қосылатын байланыс операторларымен телефон трафигін қосылатын IP-телефония (Интернет-телефония) операторларының жабдықтарынан (-на) (қолжетімділік тораптарынан) (-на) өткізу.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.08.26 N 966 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.02.2013 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.11.2013 N 1201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

11. Телекоммуникация желілерін жалпы пайдаланудағы телекоммуникация желісіне қосуға технологиялық жағынан байланысты кәбілдік кәріздер мен өзге де негізгі құралдарды мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру жөнiндегi салада:

телефон кәрізін пайдалануға беру.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.03. N 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.**

12. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында:

сумен жабдықтау қызметтері:

1) суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру;

2) суды таратушы желілер арқылы беру;

3) суды арналар арқылы беру;

4) гидротехникалық сүйеу құрылыстарының көмегімен жер үстіндегі ағынды суды реттеу;

су бұру қызметтері:

1) сарқынды суларды бұру;

2) сарқынды суларды тазарту.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 780 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң**

қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2014 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

13. Почта байланысы қызметтері саласында:  
почта байланысының жалпыға қол жетімді қызметтері:

- 1) жай хаттарды жіберу;
- 2) жай почта карточкаларын жіберу;
- 3) жай бандерольдерді жіберу.